8) **Ұйымдаспаған құнды қағаздар нарығы** – құнды қағаздар бойынша мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарында белгіленген талаптарды сақтамай жүзеге асырылатын құнды қағаздардың айналыс аясы;

9) **Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығы** – олар бойынша мәмілелер сауда-саттықты ұйымдастырушының ішкі құжаттарына сәйкес жүзеге асырылатын эмиссиялық құнды қағаздардың және өзге қаржы құралдарының айналыс аясы;

10) **Сауда-саттықты ұйымдастырушы** – Банк Акцияларын сатуды ұйымдастыратын қор биржасы және құнды қағаздардың биржадан тыс нарығының баға белгілейтін ұйымы;

11) **Бағалаушы** - бағалау қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар және міндетті түрде бағалаушылар палатасының бірінің мүшесі болып табылатын жеке немесе заңды тұлға.

3. Осы Әдістеме оны қызмет барысында қолданатын Банктің барлық қызметкерлеріне қатысты.

4. Осы Әдістеменің қолданылуы Банк орналастырған Акцияларды келесідей сатып алған жағдайларда қатысты болады:

1) Банк бастамасы бойынша;
2) Акционердің талабы бойынша;
3) Акционердің өтініші бойынша;
4) сот шешімі бойынша.

5. Акцияларды сатып алу Ұйымдаспаған құнды қағаздар нарығында оларды қайта сату, Акционерлер құқығын сақтау (Банктің Акционерге тиесілі Акцияларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сатып алу міндеті туындаған кезде) мақсатында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына және Банк жарғысына қайшы келмейтін өзге мақсаттарда жүзеге асырылады.

6. Қазақстан Республикасының бейрезидент-Акционерлерінен акцияларды сатып алу Қазақстан Республикасының бейрезидент-Акционерлері үшін белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

7. Банк Акционерлері осы Әдістемемен танысуға құқылы.

8. Осы Әдістеменің қолданылуы шеңберінде жауапты Бағыт Қаржы қызметтері тобының Халықаралық қатынастар бағыты болып табылады.

9. Осы Әдістемемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.

2. БАНК БАСТАМАСЫМЕН НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ

10. Банк Акционердің келісімімен Банктің Директорлар Кеңесінің шешімінің негізінде өз бастамасымен акцияларды сатып алуды жүзеге асыруға құқылы, егер өзгесі Заңмен және (немесе) Банк Жарғысымен белгіленбесе. Банк бастамасымен акцияларды сатып алу барлық Акционерлер үшін бір баға бойынша жүзеге асырылады. Банк бастамасымен және Акционердің талабы бойынша акцияларды сатып алу тәртібі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес реттеледі.
11. Банк бастамасымен акцияларды сатып алу Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау және оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте тіркеу арқылы, Банк Акционерінің немесе оның уәкілетті/заңды өкілінің жазбаша өтініші негізінде жүзеге асырылады. Банктің акцияларды сатып алуы туралы өтініші Акционермен немесе оның уәкілетті/заңды өкілімен Банктің белгіленген үлгі бойынша беріледі. Банк бастамасымен акцияларды сатып алуды жүзеге асыру кезеңінде Банктің акцияларды сатып алуы туралы өтініш үлгісі Банктің корпоративтік веб-сайтында орналастырылады немесе Акционерге немесе оның уәкілетті/заңды өкіліне Банк ұсынған талаптарда Банктің акцияларды сатып алуы мәселесі бойынша Банкке өзі келген кезде Банк қызметкерлері береді. Банк бастамасымен акцияларды сатып алуға өтініш сәйкес құжаттар негізінде Банк Акционермен немесе оның уәкілетті/заңды өкілімен толтырылып, қол қойылуы керек және Басты Банкке жолдануы керек. Акцияларды сатып алуға өтінішіне Банк Акционері жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін (жеке тұлғалар үшін) немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама) көшірмесін қосымша тіркеуі керек. Акционер үшін өтінішті оның уәкілетті/заңды өкілі берген жағдайда – бұл өкілдің өкілеттігін растайтын құжат көшірмесін, Акционердің жеке басын/мемлекеттік тіркелгендігін (қайта тіркелгендігін) куәландыратын құжат көшірмесін қосымша тіркеуі керек. Банк Акцияларын сатып алу-сату мәмілесін жасау үшін қажетті өзге қосымша құжаттарды (егер бұндай құжаттарды талап ету Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе) талап етуге Банк құқылы.
12. Оның Акционерлері сатуға жарияланған Акциялардың жалпы саны Банктің сатуға жариялаған Акцияларының санынан асатын жағдайда, бұл Акциялар Банк есептейтін пропорция коэффициенті негізінде Акционерлерден оларға тиесілі акциялар санына пропорционалды түрде сатып алынады.

1) Банктің сатып алатын Акциялар пропорциясының коэффициенті келесі формуламен бекітіледі:

$$K = A/C, \text{ бұнда}$$

К– пропорция коэффициенті;
А– Банк сатуға жариялаған Акциялардың жалпы саны;
С– сатуға жарияланған Акциялардың жалпы саны.

2) Банктің Акционерден сатып алуға мүмкін Акциялардың ең көп саны Акционерге тиесілі Акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі. Егер жоғарыда баяндалған есептеуді қолдану нәтижесінде Банктің Акционерден сатып алатын Акциялар саны Акциялардың бүтін санына тең болмаса, Банктің бұндай Акционерден сатып алатын Акциялар саны көп немесе аз жағына қарай дөңгелектеледі, яғни, санды бүтінге дөңгелектеу үшін үтірді және үтірден соң тұрған барлық сандарды алып тастау керек. Алып тасталған санның алғашқысы 0, 1, 2, 3 немесе 4 болса, сан өзгермейді. Алып тасталған санның алғашқысы 5, 6, 7, 8 немесе 9 болса, алдыңғы санды бір санға арттыру керек.

13. Акционердің талабы бойынша Банктің акцияларды сатып алуы туралы шешімді Банктің Директорлар Кеңесі қабылдайды, егер өзгесі Заңда және (немесе) Банк Жарғысында бекітілген болмаса.
14. Банк Акционерінің талабы бойынша акцияларды сатып алу сатып алу туралы талаптарын ұсынған барлық Акционерлер үшін Банктің уәкілетті органының немесе Сауда-саттықты ұйымдастырушының шешіміне негізделген бір бағада жүзеге асырылады.
15. Акционердің оған тиесілі Акцияларын Банктің сатып алуы туралы өтініші жазбаша түрде мазмұндалуы керек және онда Акцияны сатып алу туралы нақты және бір мағыналы талап, Акционердің сатуға ұсынған Акцияларының саны мен түрі, соларға байланысты Акционер Акцияларды сатуды талап ететін мәміленің өзге мағыналы талаптары, шешімдері, Акционердің мекен -жайы мен байланыс телефондары, сонымен қатар, қажет болған жағдайда басқа мәліметтер көрсетілуі керек.
16. Акционердің оған тиесілі Акцияларды сатып алу туралы өтініші Басты Банкке жолдануы керек.
17. Акционер оған тиесілі Акцияларды сатып алу туралы өтінішті берген жағдайда, Акционердің өтінішін алған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Банк Акционерден оған тиесілі Акцияларды сатып алуға міндетті.
18. Акционердің Банкке жүгінген күні ретінде Акционердің өтініші Басты Банк кеңсесінде тіркелген күні есептеледі.
19. Банктің Директорлар Кеңесі Акционердің акцияларды сату туралы талабын Банк Акционердің өтінішін алған күннен бастап 20 (жиырма) күнтізбелік күнінен кешіктірмей қарастыруы керек.
20. Банктің Директорлар Кеңесі Акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде сату туралы өтініш берген Акционерге Банктің Директорлар Кеңесінің оған тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдағандығы туралы хабарлама, Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізімі көрсетілген хабарландыру хат жолданады.
21. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда Банк Акцияларды сатып алуға құқысыз.
22. Банктің уәкілетті органы акцияларды сатып алмау туралы шешім қабылдаған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде Банк Акционерге сәйкес себептері көрсетілген хабарламаны жолдайды.
23. Банк Акционерінің талабы бойынша акцияларды сатып алуы Банктің Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасап, оны Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында белгілеген тәртіпте тіркеу арқылы жүзеге асырылады.
24. Банк Акционерлері сатуға жариялаған Акциялар саны Банктің сатып алуы мүмкін Акциялар санынан артық болған жағдайда бұл Акциялар Акционерлерден оларға тиесілі Акциялар санына пропорционалды түрде сатып алынады.

1) Банктің сатып алатын Акциялар пропорциясының коэффициенті келесі формуламен бекітіледі:

$$K = A/C, \text{ бұнда}$$

К– пропорция коэффициенті;
А– Банктің сатып алынуы мүмкін Акциялардың жалпы саны;
С– сатуға жарияланған Акциялардың жалпы саны.
2) Банктің Акционерден сатып алуы мүмкін Акциялардың ең көп саны Акционерге тиесілі Акциялар санын пропорция коэффициентіне көбейту арқылы есептеледі. Егер жоғарыда баяндалған есептеуді қолдану нәтижесінде Банктің Акционерден сатып алатын Акциялар саны Акциялардың бүтін санына тең болмаса, Банктің бұндай Акционерден сатып алатын Акциялар саны көп немесе аз жағына қарай дөңгелектеледі, яғни, санды бүтінге дөңгелектеу үшін үтірді және үтірден соң тұрған барлық сандарды алып тастау

керек. Алып тасталған санның алғашқысы 0, 1, 2, 3 немесе 4 болса, сан өзгермейді. Алып тасталған санның алғашқысы 5, 6, 7, 8 немесе 9 болса, алдыңғы санды бір санға арттыру керек.

3. БАНК БАСТАМАСЫМЕН НЕМЕСЕ АКЦИОНЕРДІҢ ТАЛАБЫ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ӘДІСТЕМЕСІ

25. Акцияларды Банк бастамасымен немесе Акционер талабымен сатып алу кезінде сатып алу құнын анықтауда Банктің Директорлар Кеңесі акцияларды келесі әдістердің бірімен анықталған бағамен сатып алу туралы шешім қабылдауға құқылы:

1) Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығындағы орташа сараланған нарықтық баға;

2) Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығындағы ағымдағы нарықтық баға;

3) Банк Акциялары бойынша маркет-мейкердің белгілеген сұраныс бағасы;

4) Банктің тәуелсіз Бағалаушысы және/немесе Кеңесшісісі анықтайтын баға;

26. Банк акцияларын Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығындағы орташа сараланған нарықтық бағамен сатып алу.

1) Банктің Акцияларды сатып алуы соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде немесе Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында үздіксіз қарсы аукцион әдісімен, Банктің Директорлар Кеңесі анықтаған, Банк бастамасымен сатып алған жағдайда Акцияларды сату туралы хабарландырудың берілген күнінен бұрынғы немесе Акционер талабы бойынша сатып алған жағдайда Директорлар Кеңесінің Акцияларды сатып алу туралы шешімінің күнінен бұрынғы кез келген басқа кезеңде, жасалған мәмілелер бойынша мәліметтер негізінде, олардың орташа сараланған нарықтық бағасымен жүзеге асырылуы мүмкін.

2) Соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде немесе Банктің Директорлар Кеңесімен анықталған, Банк бастамасымен сатып алған жағдайда Акцияларды сату туралы хабарландырудың берілген күнінен бұрынғы немесе Акционер талабы бойынша сатып алған жағдайда Директорлар Кеңесінің Акцияларды сатып алу туралы шешімінің күнінен бұрынғы кез келген басқа кезеңде Банктің Акцияларының орташа сараланған нарықтық бағасын есептеу құнды қағаздармен сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми мәліметтері негізінде орындалады. Акцияның орташа сараланған құнын есептеу Қазақстан Республикасының ұлттық валютасында орындалады.

3) Банк Акциясының орташа сараланған нарықтық құны 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде үздіксіз қарсы аукцион әдісімен немесе сауда-саттықты ұйымдастырушымен өткізілген саудаластықта жасалған Банк Акцияларымен (ақшалай) мәмілелердің жиынтық көлемінің Банктің Директорлар Кеңесімен анықталған, Банк бастамасымен сатып алған жағдайда Акцияларды сату туралы хабарландырудың берілген күнінен бұрынғы немесе Акционер талабы бойынша сатып алған жағдайда Директорлар Кеңесінің Акцияларды сатып алу туралы шешімінің күнінен бұрынғы кез келген басқа кезеңде қатынасы ретінде есептеледі және келесі формула бойынша жүзеге асырылады:

$$P = V / Q, \text{ бұнда}$$

P - соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі немесе Банктің Директорлар Кеңесімен анықталған кез келген басқа кезеңдегі Акциясының орташа сараланған құны;

V – соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішіндегі немесе Банк бастамасымен сатып алған жағдайда акцияларды сату туралы хабарландырылған күннен бұрынғы немесе Акционердің талабымен сатып алған жағдайда Директорлар Кеңесінің акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бұрынғы Банктің Директорлар Кеңесімен анықталған кез келген басқа кезеңдегі ақшалай түрдегі Банк Акциялары бойынша мәмілелердің жиынтық көлемі;

Q – соңғы 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде немесе Банк бастамасымен сатып алған жағдайда акцияларды сату туралы хабарландырылған күннен бұрынғы немесе Акционердің талабымен сатып алған жағдайда Директорлар Кеңесінің акцияларды сатып

алу туралы шешім қабылдаған күннен бұрынғы Банктің Директорлар Кеңесімен анықталған кез келген басқа кезеңде жасалған мәмілелердегі Акциялардың жиынтық саны.
27. Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында ағымдағы нарық құнымен Банктің акцияларды сатып алуы.

1) Банк акцияларды сауда-саттықты Ұйымдастырушымен оынң бекітілген ішкі құжаттарына сәйкес есептелетін және апта сайын оның ресми интернет-сайтында жарияланатын Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында орныққан олардың ағымдағы нарық құнымен сатып ала алады.

2) Банктің Директорлар Кеңесінде акцияларды Ұйымдасқан құнды қағаздар нарығында орныққан олардың ағымдағы нарық құнымен сатып алу туралы шешім қабылданған жағдайда, Банк акцияларды Банктің Директорлар Кеңесінде акцияларды сатып алу туралы шешім қабылданған аптадағы Сауда-саттықты Ұйымдастырушымен есептеліп, жарияланған Банк акцияларының ағымдағы нарық құнына тең бағамен сатып алады.
28. Маркет-мейкердің белгілеген сұраныс бағасы бойынша Банк акцияларын сатып алу.

1) Банк акцияларды Банк пен маркет – мейкер арасында жасалған шартқа сәйкес Банк Акциялары бойынша маркет – мейкер қызметін жүзеге асырушы маркет-мейкердің белгілеген сұраныс бағасы бойынша сатып ала алады.

2) Банктің Директорлар Кеңесінде акцияларды маркет-мейкердің белгілеген сұраныс бағасы бойынша сатып алу туралы шешім қабылданған кезде Банк акцияларды маркет-мейкердің акцияларды сатып алу күні орналастырған Банк Акцияларына белгілеген сұраныс бағасы бойынша сатып алады.

3) Банк Акциялары бойынша маркет – мейкер қызметін құнды қағаздар нарығының бір кәсіби маманынан артық қатысушысы жүзеге асырған жағдайда, Акцияларды сатып алу бағасы ретінде әрекет етуші маркет – мейкердің Банк Акциялары бойынша жариялаған акцияларды сатып алу күні белгілеген ең жоғарғы сұраныс бағасы алынады.
29. Банк акцияларын тәуелсіз Бағалаушы және/немесе Банк Кеңесшісі анықтаған бағамен сатып алу.

1) Банк Акцияларды Банк таңдап алған тәуелсіз Бағалаушы және/немесе Банк Кеңесшісі анықтаған бағамен сатып ала алады.

2) Бұл ретте Банк акцияларын сатып алу бағасын тәуелсіз Бағалаушы және/немесе Кеңесшісі анықтаған бағамен анықтау әдісі таңдалған жағдайда, тәуелсіз Бағалаушы және/немесе Кеңесшісі қызметін төлеу соның талабы немесе бастамасы бойынша Банк акцияларын сатып алу орындалатын тараппен немесе Банктің Директорлар Кеңесінде бұндай қызметтерді төлеу туралы шешім қабылданған жағдайда Банктің жүзеге асырылады.

4. АКЦИОНЕРДІҢ ӨТІНІШІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

30**.** Банк Акцияларын сатқысы келетін Банк Акционері оған тиесілі акцияларын Банктің сатып алуы туралы өтінішпен жүгінуге құқылы.
31. Акционердің оған тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы туралы өтініші жазбаша түрде баяндалып, онда Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін жасау туралы нақты және бір мағыналы ұсынысы, Акционердің сатуға ұсынатын Акцияларының саны мен түрі, сатудың ұсынылатын бағасы мен мәміленің басқа да талаптары, сонымен қатар Акционердің мекен -жайы мен байланыс телефондары және қажет болған жағдайда өзге мәліметтері болуы керек. Акцияларды сатып алуға өтінішіне Банк Акционері жеке басын куәландыратын құжат көшірмесін (жеке тұлғалар үшін) немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлігінің (мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу)

туралы анықтама) көшірмесін қосымша тіркеуі керек. Акционер үшін өтінішті оның уәкілетті/заңды өкілі берген жағдайда, бұл өкілдің өкілеттігін растайтын құжат көшірмесін, Акционердің жеке басын/мемлекеттік тіркелгендігін (қайта тіркелгендігін) куәландыратын құжат көшірмесін қосымша тіркеуі керек. Банк Акцияларын сатып алу-сату мәмілесін жасау үшін қажетті өзге қосымша құжаттарды (егер бұндай құжаттарды талап ету Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмесе) талап етуге Банк құқылы.
32. Акционер өзіне тиесілі акцияларды сатып алу туралы өтінішті Басты Банкке жолдауы керек.
33. Банк Акционер ұсынған акцияларды сатып алу туралы өтінішті Акционер жүгінген күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күнінен кешіктірмей қарастыруы керек.
34. Акционердің Банкке жүгінген күні ретінде Акционер өтінішті Басты Банк кеңсесінде тіркеген күні есептеледі.
35. Банк Акционердің өтінішінде баяндалған акцияларды сатып алумен/мәміле талаптарымен келіспеген жағдайда Банк Акционердің ұсынған Акцияларын сатып алудан бас тартуға немесе мәміле талаптары бойынша келісімге келу үшін Акционермен келіссөздер жүргізуге құқылы.
36. Банк Акцияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған жағдайда оған тиесілі акцияларды сатып алуға ұсынаған Акционерге Банктің Директорлар Кеңесінің оған тиесілі акцияларды Банктің сатып алуы туралы шешім қабылдағандығы туралы хабарлама, сатып алу құны, Акцияларды сатып алу-сату мәмілесін ресімдеуге қажетті құжаттар тізімі, сонымен қатар Акционер Акцияларды сатып алу-сату мәмілесіне қатысты мәселелер бойынша хабарласа алатын мекен-жай мен телефон нөмірлері, сондай-ақ сатып алу-сату мәмілесін жасау үшін келуі қажет және ол өткен жағдайда Банк акцияларды сатып алудан бас тартуға құқылы мерзімі көрсетілген хабарландыру хат жолданады.
37. Банк Акционер ұсынған сатып алу бағасымен келіспеген жағдайда, акцияларды сатып алу құны Акционер өтініші бойынша анықталған кезде Банктің Директорлар Кеңесі акцияларды осы Әдістеменің 3 тарауының 25 тармағына сәйкес сатып алу туралы шешім қабылдайды.

5. СОТ ШЕШІМІ БОЙЫНША АКЦИЯЛАРДЫ САТЫП АЛУ КЕЗІНДЕ ОЛАРДЫҢ ҚҰНЫН АНЫҚТАУ ТӘРТІБІ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

38. Сот шешімі бойынша Банктің Акцияларды сатып алуы осы шешіммен белгіленген немесе осы шешімнен шығатын мерзімде және бағада Банкті өз акцияларын сатып алуға мәжбүрлеу туралы заңды күшіне енген Қазақстан Республикасының шешімі болған кезде орындалады.
39. Қазақстан Республикасының шешімі бойынша Банктің Акцияларды сатып алуы Директорлар Кеңесінің акцияларды осы Әдістеменің 3 тарауының 25-тармағында анықталған баға бойынша сатып алу туралы шешіміне сәйкес жүзеге асырылады, егер Қазақстан Республикасының сот шешімімен Акцияларды сатып алудың өзге мерзімі мен әдісі бекітілмесе.

Прошито и пронумеровано на 17 листах

Председатель Правления **Т.Р. Исатаев** _____

Главный бухгалтер-Исп. Директор **Н.М. Салихова** _____

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі»
Республикалық мемлекеттік мекемесі
ТІРКЕЛІ
20 14 ж. «10» желтоқсан

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ БАНКІ»

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

050040, Алматы қ., Көктем-3, 21 үй
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

050040, г. Алматы, Коктем-3, дом 21
тел.: (727) 2704591, факс: (727) 2704703, 2617352
телекс: 251130 BNK KZ, E-mail: hq@nationalbank.kz

10.12.14 № 33-3-02/4303

И.

АО «Альянс Банк»
050000, г. Алматы, ул. Фурманова, 50

На исх.№10-2/17768 от 03.12.2014г.

О регистрации изменений и дополнений в проспект выпуска объявленных акций и замене свидетельства

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию изменений и дополнений в проспект выпуска акций **АО «Альянс Банк»** (далее - Общество) и направляет свидетельство о государственной регистрации выпуска ценных бумаг в связи с увеличением количества объявленных акций Общества и один экземпляр изменений и дополнений в проспект выпуска акций с отметкой о регистрации.

Свидетельство выдано с учетом ранее объявленных 20.000.000 (двадцать миллионов) простых акций и 3.000.000 (три миллиона) привилегированных акций, конвертируемых в простые акции.

Вместе с тем, сообщаем о необходимости представления в уполномоченный орган отчетов об итогах размещения эмиссионных ценных бумаг в соответствии с пунктом 2 статьи 24 Закона Республики Казахстан "О рынке ценных бумаг" от 02 июля 2003 года.

Дополнительно напоминаем о требованиях, установленных пунктом 4 статьи 102 Закона Республики Казахстан «О рынке ценных бумаг», согласно которым изменения в деятельности эмитента, затрагивающие интересы держателей ценных бумаг, в т.ч. изменения в проспект выпуска эмиссионных ценных бумаг, доводятся эмитентом до сведения держателей ценных бумаг путем размещения информации на интернет-ресурсе депозитария финансовой отчетности, определенного в соответствии с законодательством Республики Казахстан о бухгалтерском учете и финансовой отчетности, и опубликования информации в средствах массовой информации *в течение пятнадцати календарных дней с момента их возникновения.*

Заместитель Председателя **Кожахметов К.Б.**

Оригинал получен Тамзанова 10.12.14

«АЛЬЯНС БАНКІ» АКЦИОНЕРЛІК КОҒАМЫ
КІРІС / ВХОДЯЩИЙ № 01061/569
ПРИЛОЖЕНИЕ / КОСЫМША
ЛИСТОВ / БЕТТЕР
"10" 12 2014 г.
АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО «АЛЬЯНС БАНК»

Исп.: Баулукбаева Ж.Ж.тел: 2788 104(1085)

№ 0059668

СВИДЕТЕЛЬСТВО
о государственной регистрации выпуска ценных бумаг

10 декабря 2014 года **г. Алматы** **A4031**

Национальный Банк Республики Казахстан произвел государственную регистрацию выпуска объявленных акций акционерного общества **"Альянс Банк"** (Республика Казахстан, город Алматы, Жетысуйский район, ул. Фурманова, 50) перерегистрированного Комитетом регистрационной службы и оказания правовой помощи Министерства юстиции Республики Казахстан 13 марта 2004 года за № 4241-1900-АО.

Выпуск разделен на **150.000.000.000** (сто пятьдесят миллиардов) простых акций, которым присвоен национальный идентификационный номер **KZ1C40310019** и **3.000.000 (три миллиона) привилегированных акций, конвертируемых в простые акции** которым присвоен национальный идентификационный номер **KZ1P40310115.**

Выпуск внесен в Государственный реестр эмиссионных ценных бумаг за номером **A4031.**

По состоянию на 21 мая 2014 года размещено и оплачено 13.637.563 (тринадцать миллионов шестьсот тридцать семь тысяч пятьсот шестьдесят три) простые акции и 2.637.563 (два миллиона шестьсот тридцать семь тысяч пятьсот шестьдесят три) **привилегированные акции** при оплаченном уставном капитале 273.090.572.000 (двести семьдесят три миллиарда девяносто миллионов пятьсот семьдесят две тысячи) тенге.

Свидетельство о государственной регистрации выпуска объявленных акций общества заменено в связи с увеличением количества объявленных акций общества.

Заместитель Председателя **Кожахметов К.Б.**

Серия С **№ 0000581**

Бағалы қағаздардың шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы
КУӘЛІК

2014 жылғы 10 желтоқсан **Алматы қ.** **A4031**

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Қазақстан Республикасы Әділет Министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті 2004 жылғы 13 марта 4241-1900-АҚ нөмірімен қайта тіркеген **«Альянс Банк»** (Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Фурманов көшесі, 50) жарияланған акцияларының шығарылымын мемлекеттік тіркеуден өткізді.

Шығарылым **KZ1C40310019** ұлттық біріздендіру нөмірі берілген **150.000.000.000** (бір жүз елу миллиард) **жай** акцияларға және **KZ1P40310115** ұлттық біріздендіру нөмірі берілген 3.000.000 (үш миллион) жай акцияға айырбасталатын артықшылықты акцияларға бөлінген.

Шығарылым **A4031** нөмірімен эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.

2014 жылғы 21 мамыр жағдай бойынша қоғамның 13.637.563 (он үш миллион алты жүз отыз жеті мың бес жүз алпыс үш) **жай** акциялары және 2.637.563 (екі миллион алты жүз отыз жеті мың бес жүз алпыс үш) артықшылықты акциялары орналастырылды және төленді, жарғылық капитал 273.090.572.000 (екі жүз жетпіс үш миллиард тоқсан миллион бес жүз жетпіс екі мың) теңге сомада қалыптасқан.

Акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік қоғамның жарияланған акциялар мөлшерінің көбеюіне байланысты ауыстырылды.

Төрағасының орынбасары **Қ. Қожахметов**

Серия С № 0000581